

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақша аударымының банкаралық жүйесіндегі ақша аударымы ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 21 қарашадағы N 242 қаулысына өзгеріс енгізу жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 16 мамырдағы N 216 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1152. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 259 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің 2000 жылғы 5 қаңтардағы N 2 қаулысымен бекітілген Тендер комиссиясының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйесі шеңберіндегі "Ақша аударудың банкаралық жүйесін басқару" шағын жүйесі бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау үшін ұйым таңдау жөніндегі шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Ақша аударымының банкаралық жүйесіндегі ақша аударымы ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 21 қарашадағы N 242 V980711_ қаулысына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақша аударымының банкаралық жүйесіндегі ақша аударымы ережесі бекітілсін және 2000 жылғы 4 қыркүйектен бастап күшіне енгізілсін."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мусаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге

жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.